



[www.kazmkpu.kz](http://www.kazmkpu.kz)



---

## ПРЕСС-РЕЛИЗ

**Қысқаша ақпарат:** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Smart Nation.kz» ғылыми марафоны өтеді.

**Мекен-жайы:** Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 114. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1-оқу ғимараты, конференц зал.

**Уақыты:** 12 сәуір, 2018 жыл, сағ.: 09:30-13:00

**Толығырақ:** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Smart Nation.kz» жас ғалымдардың ғылыми марафоны өтеді. Тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған алқалы жиынға еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары қатыспақ.

Педагогикалық оқу орны марафонды еліміздегі жас ғалымдардың шығармашылық қабілетін шыңдау үшін өткізеді. Биылғы кеңес Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында ұйымдастырылып отыр.

Іс-шараның басты мақсаты – жас ғалымдардың жасампаздық әлеуетін дамыту, оларды заманауи ғылымның маңызды мәселелерін шешуге белсенді түрде тарту, ғылыми білім беру кеңістігін дамыту. Сонымен қатар,

ізденушілердің өзара байланыс орнатуларына, тәжірибе алмасуларына ықпал жасау.

– Жастардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын насихаттау мен оны кең көлемде жариялауда, олардың тұлғалық дамудың тәсілі ретіндегі жобалық зерттеу іс-әрекеттеріне тартуда және білім беру үрдісінің тиімділігін көтеру мен қолданбалы ғылымға деген қызығушылықтарын дамытуда осы тақілеттес жиындардың маңызы зор, – дейді шара ұйымдастырушылары.

Ғылыми марафон «Филологиялық ғылымдар және әлемнің ұлттық бейнесі», «Еліміздегі және әлемдегі педагогика және психология: қазіргі теория және тәжірибе», «Қазақ қоғамының санасын жаңғырту үдерісіндегі әлеуметтік-гуманитарлық білім», «Жаратылыстану ғылымдары: инновациялық технологиялар мен идеялар», «Цифрлық Қазақстан: физика-математика ғылымдарының жаңа серпілісі» және «Жаһандық әлемдегі қазақстандық мәдениет» секциялары бойынша өткізіледі.

Марафонға келіп түскен материалдар негізінде арнайы жинақ шығару көзделіп отыр. Бұл өз кезегінде еліміздегі ізденуші жастарға, ғылыми жұмыстармен айналысатын ғалымдарға және инновациялық даму стратегиясын жоспарлап, жүзеге асырушылар үшін маңызды теориялық және әдістемелік көмекші құрал болмақ.

---

**ӘДІЛХАН ШОРАБЕК**

Медиа департаментінің  
директоры

**Тел.:** +7 (7172) 279 38 05

**Email:** [khan\\_adil@mail.ru](mailto:khan_adil@mail.ru)

**ЖАНДАР АСАН**

Баспасөз және қоғаммен байланыс  
бөлімінің жетекшісі

**Тел.:** +7 777 511 56 56; + 7 701 080 19 90

**Email:** [zhandarassanov@gmail.com](mailto:zhandarassanov@gmail.com)